

Балалар кітапханасы - кеңісті көкжиек

Адам жан азығын кітаптан алады. Кітапты дос санаған, оның тылсым сырларын білуге ұмтылған жанның кемелдене түсері ақиқат. Осы еңбек арқылы оның рухани байлығы молая түседі, жас адамның өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Болашақтың бағыт-бағдары осылай айқындала бермек. Әсіресе, жас кезінен кітапты дос санаған баланың жан дүниесі кеңейіп, айналасына деген мейірімі, сыйластығы артып, адамгершілікті жоғары бағалап үйренеді. Бұл орайда балалар кітапханасының алатын орны ерекше.

Ағымдағы жылдың шілде айының 11-12 күндері облыстық Абай атындағы балалар кітапханасынан ауданымыздың балалар кітапханаларының жұмыстарымен танысуға және әдістемелік көмек беру мақсатында инновациялық-әдістемелік бөлімнің меңгерушісі Ж. М. Карипова, жоғары және орта сынып оқушыларына көрсету бөлімінің меңгерушісі Е. О. Кучаева, кітапхананы кітаппен толықтыру меңгерушісі О. М. арнайы іссапармен біздің ауданға ат тіреді.

Балалар кітапханалары аудандық орталықтандырылған жүйеге енеді. Бұл жүйеде ауылдық кітапханалардан басқа 1 аудандық балалар кітапханасы, 4 ауылдық балалар кітапханалары бар. Ауылдағы балалар кітапханалары Баршын, Көбетей, Кертінді, Мыңбай елді мекендерінде орналасқан. Облыстан келген мамандар әуелі Киевка кентінде орналасқан аудандық балалар кітапханасының жұмысымен танысты. Кітапхананың пайдаланушылары: мектеп жасына дейінгі балалар, 1-9 сынып оқушылары және балалар оқуының жетекшілері (мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар). Қызмет көрсету жүйесі пайдаланушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастырылған: 0-4, 5-6, 7-9 сыныптар. Кітапхана қоры 20 мыңнан асады. Қор тұрақты түрде жаңа басылымдармен, оның ішінде оқу процесіне көмектесетін салалық және анықтамалық әдебиеттермен толықтырылып отырады. Мерзімдік басылымдардың 19 түрі жазылып алынады. Атаулы және мерекелік күндерге кітапханада түрлі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылып өткізіледі және осы шараларға өз оқырмандарын белсенді қатысуға шақырады. Кітап апталығы мерекесіне орай өткізілген «Кітап патшалығы шақырады», «Чудеса в книжном царстве» атты әдеби-ойындар жаңа технологияларды пайдалану арқылы өтті. Пайдаланушы-балалардың



қызметіне 2 компьютер арнайы жабдықталған. Бұл компьютерлерде РАБИС, СИН бағдарламалары, ғаламтор орнатылған. Кітапхана қабырғасында әртүрлі тақырыптарда - кітап көрмелері, ойындар, әдеби-кештер, викторина сұрақтары, сайыс-турнирлер, кездесулер, тұсау кесу шаралары өтеді. Белсенді жас пайдаланушылар үшін «Жас өлкетанушы» клубы, «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс істейді. «Шебер қолдар»

үйірмесінің белсенді мүшелерінің қолынан шыққан туындыларынан көрмелер жасалды: «Наурыз айшықтары», еліміздің бас қаласы Астананың мерейтойына арналып «Астана - арман қала» атты көрме ұйымдастырылды. Биылғы жылдан бастап кітапхана «Салт-дәстүрлер» бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді. Бағдарламаның мақсаты - өсіп келе жатқан жеткіншектерді елін, жерін сүйе білуге, салт-дәстүрлерді жетік білуін насихаттайды.

Аудандық балалар кітапханасы - аудандағы барлық балалар кітапханаларына әдістемелік қызмет көрсететін орталық.

Облыстық мамандар Көбетей, Мыңбай, Кертінді ауылдарының да жұмыстарымен танысып, электрондық мәдениет ғасырында балалардың кітапқа деген сұранысы өте жоғары екеніне көздерін жеткізді. Осы ауылдардағы үйірме мүшелерінің қолдарынан шыққан туындыларын тамашалады. Көбетей ауылында 7-8 сыныптарға арналған «Тарихты білу - Отанды тану» қызығушылық клубы жұмыс істейді. «Туған өлкем, қандай көркем», «Шығыстың ұлылары» атты

тақырыптық сөрелер жасалынған. Мыңбай ауылында «Ертегілер сыр шертеді» дауыстап оқу, «Теңдессіз жау - темекі» атты денсаулық сағаты өткізілді. Кертінді балалар кітапханасында «Білімді ұрпақ - болашақтың кепілі» деген талқылау өткізілген. Оқушылардың кітапқа деген құштарлығын арттыру, кітапханаға оқырмандарды тарту мақсатында «Кітаптар мұңы» деген кітапхана сабағы осы кітапханада өтті. Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Ол Отанды сүйге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Жыл сайын белгіленіп отыратын жұмыстың басым бағыттары, міндеттері, қызметтері - аудандағы балалар кітапханалары үшін ортақ. Ауданымыздың барлық кітапханашылары өз дәрежесінде кәсіптік біліктіліктерін көрсете білді. Облыстық мамандар біздің кітапханаларымызға жақсы деген баға беріп, балалармен жұмыс жолында талмай еңбек етіп, шығармашылықтарына табыс тіледі.

Камиева Нұрсәуле Баймолдақызы,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі